

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 ақпандағы N 216 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қызылорда облысының әкіміне Сырдария өзенінде 2004 жылғы қысқы кезеңде су тасқынынан қираған Сырдария өзенінің қорғау бөгеттерін, магистральды және шаруашылықаралық арналарды, гидротехникалық құрылыстарды салу, қалпына келтіру және нығайту үшін 2004 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 102 200 000 (бір жүз екі миллион екі жүз мың) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Қызылорда облысының әкімі Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне 2004 жылы орындалған жұмыстардың көлемі мен құны туралы есеп берсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі